


**«Суындық» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі**

## **«Кітап ақылдың көзі»**



Кітапханашы: Ахметова А

2023-2024 оку жылы

## *«Кітап ақылдың көзі»*

**Кіріспе :** Кітап- адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отыратын білім және тәрбие беретін құрал. Ол адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. Халқымыз кітапты аса құрметтейді. Сондықтанда « Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Кітап білім – бұлағы, білім өмір шырағы » дейді.

**Мақсаты:** Оқушылардың кітап окуға деген ынтасын арттырып, білімділікке тәрбиелеу. Кітапты сүйе білуге және қадірлеуге баулу. Кітап-адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал.

**Жүргізуші .** Армысыздар ұстаздар мен оқушылар !

.Халқымыз кітапты аса құрметтейді. Сондықтанда «кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «кітап- білім бұлағы, білім-өмір шырағы» дейді.

Бүгінгі «Кітап ақылдың көзі » танымдық сағатын Ахмет Байтұрсын ұлының өздеріңе таныс өлеңімен бастайын.

Балалар, бұл жол басы даналыққа,

Келіндер, түсіп байқап, қаралық та,

Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп.

Соларды көре тұра, қалалық па?!

Даналық-өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріндер, іздең тауып алалық та?

**Жүргізуші:** Оқушылар кітап жөнінде тақпақ айтады.

Кітап-менің рухани астанам,

Қолыма алғаш «әліппе» алып бастағам

Кітап оқып, жан дүнием байыды

Шабытты жыр тудыратын, жас қалам!

Кітап-менің асыл, жақұт сырласым,

Бір өзіңе айтатуғын жыр басым

Жалықпаймын, жалықпаймын окуға

Тұндер келіп, тәтті үйқымды үрласын.

Кітап – ақылдың көзі" деп қарастыруға болатын асыл қазына. Жан-жақты көзқарастың ашылып, өрбіп дамуына септігін тигізетін құралдың бірі-кітап болып саналады. Көп ізденіспен қызыға оқып, парактап пайымға келетін кітаптың құнды дүние екенін санамыздан таса қылмауымыз керек. Білімнің бұлағына айналған әрбір сөзіне мән берсек, өмірдің сыры мен қыры ашыла түсердей. Кітаптың бізге берер дүниесі мол. Біз қанша тың туындыдан нәр алып, келешекте жемісін көре аламыз. Ол сөзге дәйек бола алатын Мұзафар Әлімбаевтың мына өлеңін тілге тиек етсем:

Кітап та – алма ағашы

Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы

Кітабыңың әр бетін, - деген екен ақыық ақын

Біз кітап туралы ойларды көп естіп жатамыз. Соның бірі қоғам қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза "Мәдениеттің мәйегі- кітап " деген екен. Мен бұл сөзінен ұлылықты ұқтый. Барша мәдениеттің, өнер мен өмірдің баспалдағы кітаптан бастау алады дегендей ой түйдім. Егер де кім қанша кітап оқыса, соншалықты мәдениетті адам болып саналады. Өз ойымды дәлелмен мысал келтіретін болсам, адам оқи отырып өзін дамытады. Қанша көп кітап оқыған адам, соншалықты денгейде білімі толастап, арнасынан асып, өз ортасының мәдениетті адамы болып саналады. Мысалы кезіндегі қаншама көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаларды алсақ, көп кітап оқығанының салдарынан өзіндік дара тұлға атанып, артынан өшпестей із қалдырды.

Оқушылар кітап туралы жұбактар айтады.

Үндемес серік, ақылы берік.( кітап)

Қабат-қабат қаттама, ақылың болса аттама.( кітап)

Бір ғажап бар, тілі жоқ, сөйлесем десен міні жоқ.( кітап)

( Оқушылар жұмбақты шешеді)

## **Жүргізуші : Білімнің сарқылмайтын бал бұлағы**

Ашқанда өткен күнмен беттерінді,

Келер күн көз алдыма кеп тұрады.

Мәдениетіміз бен өркениетіміздің өзектілігін кітап оқып қана аңгара аламыз. Өз басым маган кітап оқыған адам мен кітапқа жат адамның арасы жер мен көктей сезіледі. Ақылдың дария болуы кітаптың құзырында деп ойлаймын. Себебі ақын, өз заманының заңғар тұлғасы Абай: Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге, - деген екен. Олай болса өз мүмкіндігімізге қарай, санамызды сергітіп кітап оқуға бет бұрсақ, болашақтың бұлыңғыр болмауына кепілдік беруге болады.

Дана халқымыздың көне де, көркем мәдени мұрасы мақал мен мәтел сөздер. Мақал-сөз мәйегі мен сендерге мақалдың бірінші жартысын айтамын, сендер мақалды аяқтауларың керек.

Еңбектің наны тәтті (жалқаудың жаны тәтті)

Ерте тұрган жігіттің ырысы артық.(ерте әйелдің бір ісі артық)

Оқу-білім азығы ( білім- ырыс қазығы)

Оқу-инемен (құдық қазғандай)

Бірлік болмай (тірлік болмас)

Білекті бірді жығады(білімді мынды жығады)

Жақсыдан үйрен( жаманнан жирен)

Төртеу түгел болса,(төбедегі келеді )

Еңбек-ерлікке (жеткізеді)

Ақылды қария ( ағып жатқан дария)

**Жүргізуші: Рахмет балалар!**

**Корытынды.**

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтірсем, біз кітапқа деген құштарлықты арттыруымыз керек. Жан азығы саналатын кітапты оқып, уақыт бөлсек, тың ойлардың иесі бола аламыз. Ал, тың ойлар бізді биікке жетелейтін даңғыл жол екеніне бек сенімдімін. Ақылна ақы сұрамайтын асыл қазына- кітаппен достықтарың үзілмесін. Әрқашан жүздеріңіз жарқын болсын, жолдарыңыз даңғыл болсын!